



## Жаңа облыстар – маңызды бастамалар

Откен апта соңында жанадан құрылған Ұлытау, Абай, Жетісу облыстарының әкімдері тағайындалды. Бұрынғы Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы – енді Ұлытау облысының әкімі. Ал, бұрын Сенат депутаты болған Бейбіт Исабаев Жетісу өңіріне басшылық етеді. Абай өңірінің басшылығына бұған дейін елорданың сәулет, қала құрылысы мен жер қатынастары басқармасына жетекшілік еткен Нұрлан Ұрханбаев сайланды. Алматы облысына да жаңа әкім тағайындалды. Бұл лауазымға бұған дейін Қаржы вице-министрі болған Марат Сұлтангазиев барды.

республикалық маңызы бар қала және астана әкімі лауазымына кемінде екі кандидат ұсынады. Жаңа ереже бойынша өңірлердегі мәслихат депутаттары жаңа басшыларды лауыс беріп таңдады. Ал, Даниал Ахметов пен Женис Қасымбек орындарында қалып, Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарын басқара береді. Атап өтерлігі, бұған дейін Алматы облысының әкімі болған Қанат Бозымбаев басқа қызметке ауысуына байланысты босатылғанымен, жаңа жұмыс орны әлі белгісіз.

Атап өтерлігі, әр облысқа 2 кандидаттан ұсынылды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлер әкімдерін тағайындаудың жаңа ережелерін бекіткен болатын. Оған сәйкес, Мемлекет басшысы мәслихаттарға облыс,

Дегенмен, облыстардың құрылуы, олардың басшыларының тағайындалуы негізгі жұмыстың басы ғана. Ауқымды шаруалар енді басталам. Осы орайда Қазақстан картасында жанадан пайда болған өңірлерді дамытуда басымдық беретін негізгі бағыттарды да айқындау маңызды болып отыр.

2-бет



## Күріш көлемі 5,2 мың гектарға қысқарды

Биыл күріштің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 5,2 мың гектарға қысқартылды. Есесіне малазықтық және картоп, көкөніс, бақша дақылдарының көлемі артты.

– Сырдария өзенінде биыл да вегетациялық кезеңде су көлемі аз болмақ. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 185,6 мың гектарға жоспарланды. Күріш орнына суды аз қажет ететін малазықтық, картоп, көкөніс-бақша дақылдары 4,7 мың гектарға арты. Облыста егіс көлемін әртараптандыруға мән берілуде. Осы мақсатта биыл соя дақылын 200, қант құмайын 312 гектарға егу межеленген, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Бүгінгі таңда облыс бойынша каналдар арқылы берілген су көлемі 1,1 млрд текше метр. Вегетациялық кезеңде күріш дақылна суды жеткізіп беру үшін 67 дана насос қондырғысын орнату жұмыстары жоспарлануда.

«СБ» ақпарат

## Солтүстікке көш: Көздеген мақсат қандай?

Еліміздің солтүстігіндегі бірқатар өңірде жұмыс күшіне тапшылық бар. Осы мақсатта Қазақстан Үкіметі 2013 жылы «Жұмыспен қамту 2020 жыл картасы» бағдарламасын қабылдаған еді. Содан бері түстіктен теріскейге бет түзген көш жылма-жыл жалғасып келеді. Бағдарламаның тиімділігі байқалды. Нәтижесінде жұмыс күші тапшы аймақтарға халқы тығыз орналасқан өңір тұрғындары баруға мүмкіндік алды.

Әліжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

### ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚТАР ҚАЖЕТ?

Откен жылдан бастап «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жүзеге асуда. Осы мақсатта Павлодар, Қостанай, Қарағанды облыстарының жұмыс беруші өкілдері Сыр өңіріне арнайы келді. Олардың қатысуымен Қызылорда қаласында және барлық ауданда «Солтүстік өңірлердегі бос жұмыс орындары» тақырыбында жәрмеңке ұйымдастырылды. – Олардың тарапынан 3600-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды. Ауыл шаруашылығы секірілі бірқатар салаға маман жетіспейтінін аңғарып отырмыз. Бізге делегацияны арнайы жіберген аталған үш облыста агроном, зоотехник, механизатор, техника қауіпсіздігінің инженері, инженер-механик, казак тілі, орыс

тілі, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мұғалімдеріне сұраныс мен оқыту отыр. Сондай-ақ, онда дәрігер, медбике, логопед, іс жүргізуші, аудармашы, психолог, қаржыгер, мемлекеттік сатып алу бойынша бухгалтер, банк кассирі, жүргізуші, автоэлектрик, дәнекерлеуші және өзге де мамандық иелері қажет етіледі, – дейді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева. Ал біздің облыста кейбір пән мұғалімдері сұраныстан артық дайындалған. Жұмыспен қамту органдарында 300-ден астам мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, 170 дене шынықтыру мұғалімі есепте тұр. Оған қоса 120-дан астам жүргізуші, 400-ге жуық экономист-бухгалтер мамандығы бойынша қызметке орналаса алмай жүр.

2-бет



### НАРЫҚ

## Қант тапшылығы неден туындады?

Елімізде қант тапшылығы неден туындады? Бұл тұрғындар тарапынан жиі қойылатын сұраққа айналды. Сыр өңірінде де қант мәселесіне байланысты түпкісі бар. Кейбір суда орындарында баға қымбат, әлеуметтік дүкендерде тез таусылып қалады. Қысқасы, қазір қант қасқалдақтың қанындай қат дүниеге айнала бастады. Осы орайда тиісті сала мамандары ешқандай алаңдаушылыққа негіз жоқ екенін айтып, мәселені шешу үшін қажетті іс-шаралар атқарылып жатқанын жеткізді.

Әліжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

### ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРУДАН БРАЗИЛИЯ КӨШБАСШЫ

Жұмыр жер бетінде қант өндірісімен қазына қазына қыруар қаржы құйып

отырған мемлекеттер бар. Бұл жөнінен көшбасшылық тізгінді қолға алған Бразилияда қант құрағы мыңдаған гектарға өсіріледі. Аталған мемлекет тропиктік аймақта орналасқан.



3-бет

### МӘСЕЛЕ

## ЖАУАПСЫЗДЫҚТЫҢ КЕСІРІ Жол апатын көбейтті

Жұмыстан қайтар уақытта үлкен жолдың бойында «КамАЗ» жүк көлік жүргізушісінің полиция департаменті қызметкерлері тоқтатып тұр екен. Көшеңің қак ортасындағы қан едәуір жерге жайылған. Соңа жерде бір адам сүлік түсіп жатыр. Мен мінген таксидің жүргізушісі: «Мына адамның жақандары күтпін отыр – ау» делі. Сонда барып, адам өлімі болғанын түсіндім. Кейін ресми орындардан сол жол-көлік оқиғасынан қайтыс болған жап-жаз жігіт екенін, үйленгеніне бір ай ғана болғанын білдік.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Біреудің ажалы судан, енді бірінікі оттан болса, кейінгі кезде жол үстіндегі қайғылы жағдайлар көбейгені рас. Нақты деректерге сүйенсек, облыс көлемінде биылғы бес айдың өзінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, жол-көлік оқиғасы 13,8 процентке артыпты. Өкініштісі сол, салдарынан қайтыс болғандар 71,4%-ке, яғни 28-ден 48-ге, ал жаракат алғандар 13,1%-ке өскен.

Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Бауыржан Ибраевтың айтуынша, бұған облыста жылдан-жылға көлік санының көбеюі, оның ішінде шетелден келетін автокөліктер, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол жүру ережелерін сақтамауы себеп. Сондай-ақ, жүргізушілердің жылдамдықты шамадан тыс асыруы, жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден жолды кесіп өтуі, түнгі мезгілде көшелердің жарықтандырылмауы да әсер етуде.

Бүгінде қоғамдық көлікке қатысты тұрғындар жиі шағымданады. Бұл салада күрмеуі шешілмеген мәселе көп. Кіші сыйымдылықтағы автобустардың бір-бірімен жарысуы, жылдамдықты шамадан тыс арттыруы әлеуметтік желіде қызу талқыланады. Жүргізушілердің қолынан телефон түспей, өз міндетіне жауапсыз қарайтындар жайлы да көп сын айтылуда.

2-бет

## ҚЫШҚАЛАДА ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАЙТА БАСТАЛДЫ

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры М.Елеуов басқарған археологиялық экспедиция Қышқала (Қышқала) қаласында археологиялық қазба жұмыстарын қайта жалғастырды. Экспедиция құрамында Ә.Марғұлан атындағы Археология институты жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Д.Талеев, ҚазҰУ-дың докторанты И.Құрманғазов, А.Молдахмет және ЕҰУ-дың докторанты С.Есен қазба жүргізуде.

Бұрын жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қаланың бірнеше маңызды қоғамдық ғимараттары мен жерлеу ескерткіштерінің қираған орындары (кесене, сауда орталығы, қыш күйдірген пеш, т.т.) ашылған еді. Олардың сәулеттік сипаты мен табылған заттай деректер мәліметі Қышқаланың осы өңірінде XII-XIV ғасырлар аралығында өмір сүрген

сауда және мәдени ірі орталық болғанын көрсетті. Қазылған кесенеден алынған адам сүйегіне Ресей Ғылым академиясына қарасты Уфа тарих, тіл және әдебиет институтының антропологиялық реконструкция зертханасында антрополог А.Нечвалова сараптама жасады. Алынған адам қаңқасы 40 жас шамасындағы ер кісіге тиесілі екенін



анықталады. Ұлыбританияның Белфаст қаласындағы «Chrono-14» зертханасында жүргізілген радиокарбондік сараптама нәтижесі мәйіттің жасы орташа есеппен 1359 жыл деген қорытынды жасады. Ал қоғамда өзіндік дәрежесі болған адамға арналып тұрғызылған кесененің қасбетін безендірген, кесіп салынған тамаша өрнектері бар тақталар мен түрлі-түсті мозайкалардың аналогтары осыған дейін ғылымға белгілі болған Керлері, Жәнібек-Шалқар, Қызылбаба кесенелері мен Украинаның Запорожье облысы Конские горы қалашығындағы Алтын Орда дәуірі мешітінен кездесті.

4-бет





## Жаңа облыстар – маңызды бастамалар

Жаңа облыс орталықтарында инфрақұрылымды дамытумен қатар, экономиканы әртараптандыру бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет. Мәселен, Алматы облысы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша жетекші орында. Талдықорғанды автоматтандырылған өндірісі бар ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің ірі индустриялық орталығы ретінде қалыптастыру бойынша шаралар кешені қабылданы мүмкін. Ал, Жезқазған қаласында түсті металлургия саласының әлеуеті жоғары.

Сарапшы мамандар жүргізіліп жатқан әкімшілік-аумақтық реформалар жаңа облыстардың дамуына жақсы әсер етеді деп санайды. Өйткені реформалар жаңа өңірлік саясаттың басымдықтарына сәйкес келеді. Оның негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуға теңгерімсіздікті төмендету, байланысты қамтамасыз ету және өңірлердің орнықты дамуы ескерілген.

Айталық, жаңадан құрылған Абай облысына енді Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіптің 32 проценті тиесілі. Екі өңірдің қала-аудандары 1997 жылы Семей облысы қосылғанға дейінгі территориялар бойынша бөлінген. Ал, Ұлытау облысының жаңа әкімі енді өндірісті дамытып, жұмыссыздық мәселесін шешуге басымдық бермек. Ұлытау облысының өндірістік әлеуетінен бөлек, туризмді жандандыруға мол мүмкіндіктері бар. Ол үшін өңірдің инфрақұрылымын, туристік кластерін жан-жақты дамыту керек дейді мамандар. Осынау тарихи бай, киелі Ұлытау төрінде 16 маусым күні Ұлттық құрылтай өткізіліп, елдік бағыттағы келеді мәселелер ортаға салынады.

Сондай-ақ, Жетісу облысында да алдағы уақытта бірнеше өндіріс ошақтары салынып, халық жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Мұнда кезінде Талдықорған облысы таратылып, екі облыс қосылып Алматы облысы болған кезде бірнеше аудандар жабылып қалған. Бұған мысал, осындағы біріктірілген, таратылған Үйгенесті, Қапап, Бөрілтөбе аудандары. Енді аймақта халық саны қайтадан артып, ауыл шаруашылығына басымдық берілмек. Жаңадан өндіріс орындарын ашуға да мүмкіндік туады. Бұрын облыста Алақолде, Сарқанда, Ақсуа және Қарабұлақта төрт қант зауыты болған. Жергілікті халық осындай әртүрлі өндіріс орындары қайта іске қосылып, Текелі, Лепсі, Кербұлақ сияқты мекендерде туризм жанданады деп күтуде.

Айта кетейік, жаңа облыстар құрылуына байланысты облыстық мәжілістар да екіге бөлінеді. ҚР Парламенті Сенатына да Ұлытау, Абай және Жетісу облысы депутат сайланады. Бірақ Сенаттағы мандат саны көбеймейді. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, оған себеп – Президенттің квотасы 15-тен 10-ға дейін қысқарып жатыр. Сондай-ақ, Мәжілістегі ҚХА атынан сайланатын депутаттардың квотасы да қысқартылады.

1-бет

«СБ» ақпарат

### ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## Мәнерлеп сырғанау спортының дамуы жолдары қаралды

Облыс әкімі Нұрлықбек Нәлібаев Ковьки тебу Ұлттық федерациясы президентінің кеңесшісі Байтақ Тұрсынбаев және Ұлттық құрама командасының мүшесі, мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасының чемпионы, халықаралық турнирлердің жүлдегері Артур Смағұлұевпен кездесті.

Онда аймақтағы мәнерлеп сырғанау спортының дамуы, жас спортшыларды даярлау мәселесі сөз болды.

Байтақ Тұрсынбаев 2026 жылы Италияда өтетін XXV қысқы олимпиада ойынында ел намысын қорғайтын Артур Смағұлұевтың дайындығын ұйымдастыруға атсалысып, қолдау көрсетуді сұрады.

Аймақ басшысы мәнерлеп сырғанау спорттың ерекше түрі екенін, бұл ретте Сыр елінен шыққан жерлес Элизабет Тұрсынбаеваның ізбасарларын тәрбиелеу аса маңызды бола бермегенін алға тартты. Сондай-ақ, сала басшыларына айтылған ұсыныстарды мұқият қарап, зерделеуді тапсырды.



## Кәсіпкерлік кенжелемеуі керек



Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың төрағалығымен аймақтағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму барысына арналған мәжіліс өтті. Облыс әкімінің орынбасары шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің осімі бойынша облыс республикада осы түрде екенін айтып, жұмыс нәтижесінің мардымсыздығын қаперге алды.

Мардымсыздығын көрсетеді.

Жұмыстың алға басуы – жергілікті әкімдерге тікелей байланысты, – деді М.Жайымбетов.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбековтың айтуынша, қазір әрбір ауылдық елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайына, кәсіпкерлік қызметтеріне талдау жұмыстары жүргізілуде. Оң нәтижелерге қол жеткізуде қала және аудандарға кәсіпкерлер санын кемінде 10%-ке, жұмыспен қамтылғандар санын 15%-ке, өндірілген өнім көлемін 40%-ке дейін ұлғайту бағытында жұмыс жасау қажеттігін ұсынды.

Облыс әкімінің орынбасары осы деңгейге жету үшін қала мен аудандарда табанды түрде жұмыс жасау керектігін ескертті. Сондай-ақ, аудандар көлемінде іске қосылған өндірістік цехтардың нақты санын шығарып, жаңа өндіріс орындары мен қызметтерді іске қосу, шағын өнеркәсіптік аймақ құру жұмысын жандандыруды, туризм, сауда салаларында түрлі инвестициялық жобаларды іске асыруды жүзеге асыруды ұсынды.

Мархабат Жайымбетов белгіленген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуын келесі айда қарайтын жеткізді.

## ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНІҢ МҮШЕСІ – ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ

Президенттік жастар кадрлық резервінің іріктеуінен өтіп, жініппіз атанған қызылордалық мемлекеттік қызметші департамент басшысы қызметіне көтерілді.

Асылхан Сүйіндіков осы кезге дейін Қызылорда облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарған.

10 маусымнан бастап ол Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитеті Қызылорда облысының Сауда департаментінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Асылхан Сүйіндіков 1987 жылы туған. Білімі жоғары. Қазақ-Британ техникалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген. 2017 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияда Эксетер университетінде қаржы мамандығы бойынша магистр дәрежесін алған.

Еңбек жолын 2010 жылы «ТМФ Казахстан» ЖШС есепшінің көмекшісі болып бастап, әрі қарай экономика саласында қызмет атқарып, бірқатар мемлекеттік органдарда тапшырап,



сарапшы болып жұмыс жасаған.

Жас мемлекеттік қызметші орталық мемлекеттік органдарда тәжірибе жинап, ҚР Ұлттық экономика министрлігінде жауапты қызметтерді айырымен атқарып, осы жылдың 10 маусымына дейін Қызылорда облысы әкімі аппаратының бас инспекторы қызметінде болды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты
1	Дүйсебай Талғат Тұрсынұлы	Басқарма басшысы	Дүйсебі, жұма сәт: 16.00-18.00
2	Төлеуев Айнұр Марағұлқы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі сәт: 16.00-18.00
3	Сәрсенбаев Қайратбек Әубәкірұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Бейсенбі сәт: 16.00-18.00
4	Баймбетов Ғалым Орынбасарұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма сәт: 16.00-18.00

Басқарма басшылығының жеке қабылдауына Әкімшілік және құқықтық жұмыстар бөлімі немесе төмендегі анықталмақ байланыс нөмірлері арқылы қажетті ақпарат алуға болады: 8 (7242) 60-54-41, 8 (7242) 60-54-47.

### ● ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

## Бүтінгі күн – кешегіңнің жалғасы

Ескі көз кісілердің лебінен ізгіліктің лебі есіп тұрады. Тыңдайтын құлақ болса, көргені мен өмірден түйгендерін жеткізеді. Көршім Петр Горобец майдангер кісі еді. Устаздық еткен. (Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын 86 жасында өмірден өтті).

«Соғыстан кейінгі жылдары елде азық-түлік бағаларын біртіндеп арзандату қолға алынды. Сонымен бірге әр аулаға аяқасу келтіру жергілікті басшыларға бірінші кезекте міндеттеліп, тұрғындардың бақша және көкөніс егуіне жағдай жасалды. Бұл тоқшылыққа, тұрмыстық жағдайдың жақсаруына жол ашты» деп отыратын-ды. Үй маңында дақыл егудің пайдалы жағын өзіміз де көрдік. Алтыншы, жетінші сыныптан бастап қауың-қарбыз егуге бейімделдік. Жер құнары кете бастағанын жоңышқа септік. Қол орақ пен шалғы тартуды сонда үйрендік. Ауыр науасқа ұшырап қалған әкем жөн-жоба көрсетіп жағдай отыратын-ды. «Қылтанак арам шөп қалдырма, дақылдың айналасы жарқырап жатсын. Күн нұрын алады, ауа да жұтады. Кетпеннің жүзі жалтырап тұрсын. Сенің қалай жұмыс істейтіңді құрал-сайманның күтінді айтып тұрады» дейтіні есімде. Осы ақылдарының бәрі кейіннен ержетіп, шаруашылық жұмысына араласқанымызда пайдала асты.

Ойды ой қозғайды, қазіргі айтамын дегенім, екі ай бұрын облыс басшысы

кызметіне кіріскен Нұрлықбек Нәлібаев егін егуге ынтасы бар тұрғындарға жағдай жасап, әр ауылда, аудан орталығы мен қала маңына егін егуге арнайы жер дайындауды тапсырған еді. «Бұл азық-түлік қорын көбейту жолы сырттан алатын өнімдерге деген тәуелділікті азайтады» деді облыс әкімі. Аталған жұмыстың нәтижесі – бағаның арзандауына септігін тигізугі тиіс. Осы орайдағы жұмыстар аймағымыздың оңтүстігіндегі – Жанакорған, Шиелі аудандарында екінің көрінісін берді. Бірақ бұған тоқмелісуге болмайды. Ендігі мәселе – осы үнімдерді



ысырапсыз көзде жарату. Саудаға шығару, өнімді өңдеу жұмыстарына аудан әкімдерінің жанашырлығы қажет. Әйтпесе, дақыл егу жартыкеш шаруа болып қалады.

Аймақ басшысының аулаға су келтіру, әр адамның өз қажеттілігіне сай еңбек етуіне көңіл бөлуі – құптарлық бастама. Әр бұрышқа тығылып телефон шұқылауға әкес балаларды еңбекке үйретуге жұмыс тәсілі. Сондықтан осы шаруаға әр азамат үлес қосқаны абзал.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, ғалым-агроном, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі

## Солтүстікке көші: Көздеген мақсат қандай?

### НИЕТ БІЛДІРГЕНДЕР КӨБЕЙДІ

Сыр өңірінен солтүстік облыстарға баруға ниет білдірген азаматтар қатары көбейе түскен. Билігі азылдың 1 мамырына 47 отбасы қоныс аудару квотасына енгізілді. Отбасы құрамында 80 адам бар. Оның ішінде 20 отбасы Қостанай облысына, 27 отбасы Павлодар облысына барды.

Осыған орай аталған аймақтардағы бос жұмыс орындары Қызылорда қаласының және барлық аудан әкімдіктері сайттарында, әлеуметтік желі паракшаларында, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жарияланды, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асқанына билік бөлініс жылға жуықтады. Одан бұрын

«Жұмыспен қамту бағдарламасы» аясында 2014 жылы Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласына 6 отбасы (құрамында 22 адам) қоныс аударды. Ал 2017 жылдың бері солтүстік өңірлерге 735 қызылордалық отбасы қоныстанды. Олардың құрамында барлығы 1977 адам бар.

– Осы мақсатта мемлекет тарапынан көмеңгер көрсетіледі. Көшуге байланысты субсидия бір рет отбасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (222 600 теңге) мөлшерінде беріледі. Ал тұрғын үйді жалға алу және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар жыл бойына ай сайын беріледі. Мәселен, қалалық жерлерге қоныс аудартқандар бір адам үшін 20 АЕК (63600 теңге) мөлшерінде қаржы берілсе, ол отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса, 25 АЕК (79500 теңге) мөлшерінде болады. Сондай-ақ, отбасы мүшелерінің саны бөсеу және одан көп болған кезде 30 АЕК (95400 теңге) мөлшерінде төленеді. Ауылдық жерлерге қоныс аудартқан бір адам үшін 15 АЕК

(47700 теңге) мөлшерінде берілсе, отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК (57240 теңге) қаржыны құрайды. Отбасы мүшелерінің саны бөсеу және одан көп болған кезде 21 АЕК (66780 теңге) мөлшерінде төленеді. Ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысушының келісімімен тұрғын үйді меншігіне сатып алу үшін аудандық, қалалық комиссияның ұсынымдары негізінде отбасына жылна есептелген сома шегінде өтеу сома-сын біржолғы төлеуге жол беріледі, – деп толықтырды Жанар Жұмабекқызы.

### ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ

Қоныс аудару, әрине, кім-кімге де әуеліде оңай бола қоймас. Бұрыннан араласып жүрген орта болмағанын кейін бірден сіңісіп кету де қиын тиеті.

Дегенде Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Жандос Оқенов аймаққа келген әрбір

азаматтың бейімделіп кетуіне қолайлы жағдай жасалатынын айтады.

– Бағдарламаның жүзеге асып жатқанында Павлодар өңіріне қаншама отбасы тұрғаптал қалды. Рас, арасында ол жаққа бейімделе алмай, қайтадан өз облысына көшіп кеткендер бар. Алайда, басым бөлігі қазір аймаққа толық бейімделіп, өз тіршілігін жасауда. Айтқанымыздай, бізде көптеген мамандық түріне сұраныс бар. Сол сұранысты оңтүстік өңірлерден келген жоғары білімді мамандар толықтырауда. Біз әлі де болса азаматтарға жұмыс орындары көп екенін жеткізгіміз келеді, – деді ол.

Жандостың айтуынша, солтүстік аймақтарда негізнен аграрлық сала мамандарына сұраныс жоғары. Егер еңбек етуге ынталы азаматтар болса, тиісті қолдау көрсетіледі.

– Павлодар облысында негізнен ауыл шаруашылығы басымдыққа ие. Түрлі себептерге байланысты бұл салада мамандарға зәрулік айқын көрініс

берді. Ал еліміздің оңтүстік өңірлерінде тәжірибелі мамандар көп. Көшіп келгендер арасында төрт түлкі ті түлетіп, егін шаруашылығымен де айналысып жүргендер бар. Сондықтан өңірге қоныс аударып келіп еңбек етемін, тіршілік жасаймын деген азаматтарды шақырамыз әрі қолдаймыз, – деді Ж.Оқенов.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру арқылы 2026 жылға дейін солтүстікке қоныс аударған азаматтардың жұмыспен қамтылуын 87 процентке жеткізу көзделген.

Инфрақұрылымдық жобаларды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін оңтүстік аймақтардан 35 мың адамды тарту жоспарланған. Еңбек күші тапшы өңірлерді қолдау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударушылардың квотасын бекітеді. Билігі жылы квота 6587 адамды құрап отыр.

## ЖАУАПСЫЗДЫҚТЫҢ КЕСІРІ ЖОЛ АПАТЫН КӨБЕЙТТІ

Алайда оларға құқық қорғау орындары тарапынан шара көру жағы төмен секілді. Әйтпесе, қоғамдық көліктердің жол апатына ұшырауы өткен жылмен салыстырғанда 40 процентке ұлғаймас еді. Жаракат алғандар 30%-ке өссе, қайтыс болғандар биыл тіркелмепті. Бұл да – көңілге медеуі боларлық дерек.

Жазым деген аяқасты. Жолда жүргенде өз-өзіне мығым болуың керек. Әсіресе, жаяу жүргіншілер жолағынан өтерде барынша сақ болған дұрыс. «Бұл жол маған тиесілі, сондықтан өзім білемін» деу жарамайды. Жылдам келе жатқан автокөлік иесі тежегішті басып үлгермеуі мүмкін. Бірақ, жолақты көргеннен көлік жүргізушілері жылдамдықты азайтып, жаяу жүргіншілердің тезірек өтіп кетуіне мүмкіндік жасаса дейміз. Қазір тіпті жолақтың өзінен қорқасыздық өтетіндей дәрежеге жетті. Неліктен? Жақында әлеуметтік желіде жаяу жүргіншілер жолында оқушы қызды қағып кеткен бейнежаза лезде таралы. Одан көргеніміз бірінші автокөлік тоқтағанымен, қатар келе жатқан екіншісі жылдамдықты бәсеңдетпей өте шығамын деген болу керек, кішкентай баланы ұшырып өкетті. Сақдарынан қыз бала аурухана төсегіне танылды.

Осындай тағы бір деректі келтіре кетейік. Облыс орталығында 25 мамырда жаяу жүргіншілер өткелінде «КамАЗ» жүк автокөлігінің жүргізушісі 7 жасқ балаы қағып кеткен. Сақдарынан баланың он аяғына ампутация жасауға тура келген. Мұндай оқиғаның жыл басынан 8-і тіркелсе, оның біреуі өлім құшқан. Қалғаны түрлі дене жаракатын алған. Ал мына деректі естігенде күйіккі шамырлап, жүрегің езіледі. Сөйтіп 4-де балабақша тәрбиешілері қауіпсіздік ережесін сақтамай, балалар тасымалдауға арналған көліктен түскен 3 жасар баланы қадағалаусыз қалдырған. Жауапсыздық сақдарынан бүлдіршін көлік астында қалып, қайтыс болған. Балабақшалардың тасымалдау қызметіне жауапкершілікті арттыру жөн. Кішкентай көлікке бірнеше баланы отырғызып, жүйткіп жүргенін талай көзіміз шалды. Біреудің баланы еті баласының өміріне социальдық бей-жай қарағаны қалай?

Адам өліміне әкелген ірі жол апаты үлкен трассаларда, яғни ауыларалық жолдарда тіркелген. Мысалы, қаңтардың 1-де Жанакорған ауданы Әбдіғаббар ауылы мен Жанакорған кенті аралығындағы жолда екі «Ваз» автокөлігі қарама-қарсы соқтығысып, 4 адам көз жұмған.

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Шамидин Әмітовтің айтуынша, жыл басынан бері 38 702 жол ережесін бұзу анықталса, оның ішінде 15 892 жол ережесін орсекел жүз дәрегі тіркелген. Көліктің мас күйінде айдаған 324, қауіпсіздік белгілігіз 3 137, ұялы телефонмен сойлескен 866, жолдың қарсы бағытына шыққан 133, жаяу жүргіншіге жол бермеген 920, жылдамдық асырған 9 890 жүргізуші және жол ережесін бұзған 622 жаяу жүргіншіге әкімшілік шара көрілген.

Жылдамдықты асырған 9 890 дерек қалада орнатылған автоматтандырылған жүйелер арқылы анықталған. Демек, қала орталығында жылдамдықты шамадан тыс асыру дәрегі азаймай тұр. Ендіше оның басқа да амалын қарастыру керек тәртізді.

Бұл ретте шетелдік тәжірибеге де иек артқан артық емес. 2019 жылы жол апатынан бір ғана адам көз жұмған Норвегия астанасындағы жағдай көпке үлгі. Биыл Осло көшелерінде бірде-бір жаяу жүргіншіге зиян келмеген. Бұған қала ішіндегі жылдамдықтың азаяуы, жол сапасының жақсаруы сынды факторлар әсер етсе керек. Оңтүстік Корея елінде де жол апаттарымен жылдамдықтың шектеу арқылы күреседі. Корея ғалымдарының зерттеуіне жылдамдықты азайту арқылы адам өліміне де 50 процентке азайтуға болады екен. Осындай өзіміздік жол-көлік оқиғасына тосқауыл бола алсақ, қаншама адамның өмірін қауіп-қатерден сақтап қалар ма едік.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет



Ақындар әртүрлі... Кей ақынның өлеңін өліп-өшіп жақсы көресің. Ал кейде өзін көріп, әңгімелескеніңде көңілің толмай қалады. Кейбір шайырман шүйірлескен кезде едәуір әсерленесің. Бірақ өлеңінің әр жолы ұстатпай әр жаққа қашады...

Шеңге құм (Әссе)

Мен оны тұңғыш рет өз ауылымда көрдім. Жүз елу шақырым жердегі Аралдан артылып-тартылып жеткен бір топ өнерпаз кешке қарай Қаратереңнің жазғы клубына келіп, концерт қойды. Жалпы, теңіз беткейдің тарпаң таланттары ешкімге оңайлықпен ұяй бермейді...

«Толыбай Абылаев, ақын», — деп таныстырды оны. Біздің ауылды көп жылдан бері басқарып келе жатқан дүрдей директордың және мектепте ботаникадан сабақ беретін ардақты ағаймыздың есімі Толыбай еді. Соларға әбден құлақ үйреткендіктен маған мына Аралдан келген ақынның аты Толыбай болуы жүде біртүрлі көрініп кеткені...

Кейін білдік, Толыбай ақын Қаратереңнің іргесіндегі Бөгеннің баласы екен. Қарымды қаламгер Қуаныш Жиеңбайдың кластасы. Болашақ арынды ақын мен парасатты прозаик бір кезде Көне Бөгеннің көкшан-дағын аспанға көтеріп, бірге ойнапты деседі. Еті тірі елге-зекте Қуаныш ағам Бөгеннен бұйғасын үзіп, Алатау жаққа аттанғанда, томпаған Толыбай ағам томсырайып, ең жақса қалып қойыпты. Содан сол қалғаннан мол қалған ғой...

— Қамысы Қосжар көлдің қозғалмай ма, Қозғалса, сары алтындай сөз қалмай ма? Көлеге кеп, үйіледі қайран ару, Тотығып төс қалтада тозғанда айна... «Толыбайдың өлеңі ғой», — дейтін сосын Шәки ағам шыршық атып тұрып. Үйірімен жүретін үш шайыр — Шәһизада Әбдікерімов, Алтай Үсенов, Толыбай Абылаев үшеуі ілгеріде Қармакшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінде қызмет істепті. Қызмет істегені бар болсын, кілең шайтан мінез шайырлар коммунизмнің шамшырағын жарқыратып жарытпаса да, күндіз-түні бұрқыратып жыр жазғанға ұқсайды. Жаңағы жан дүниенің тербейтін жалқы шұмақ сол кезеңнің жемісі секілді.

Сезімді қозғайтын сырлы өлеңдер сериасы — Толыбай ақын поэзиясының алтын арқауы. Ақ махаббат, пәк көңіл, әдемі әуен, тұнық ой, мөлдір мұң — кейіпкерімнің табиғатына жақын кәсіптері құндылықтар. Міне, қараңыз: — ...Атыңды аққушыққа жаздым жана, Сонан соң сияктанып мезбін бала. Жарға да... есікке де шимайланды, Махаббат жайындағы мазмұндама.

ЖОБА Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы №188 «Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нысанда алудың тиімділігі Елімізде күрделі салалардың бірі — құрылыс саласы екендігі белгілі. Қазіргі таңда, құрылыс салудағы бастапқы материалдарды рәсімдеу бойынша құрылыс саласын цифрландыру мәселесі қолға алынып, қызмет көрсету және өтініштің қаралу мерзімдері едәуір қысқартылды.

14 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОНОР КҮНІ



Өмірге үміт сыйлаған Қала тұрғыны Нұрбол Әлкебайұлы 17 жылдан бері құдық қорғау саласында қызмет атқарады. 2000 жылдың басында Алматы қаласында студент болып жүргенде бастайды. Ол ең алғаш қан тапсырған сәтін ұмытқан емес. Сп Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Қант тапшылығы неден туындады?

Дүниежүзінде қантты тұтыну мөлшері сан түрлі. Атап айтқанда, америкалықтар көп тұтынады, жылына 70 келі қант жейді. Осылайша АҚШ әлемде қантты көп тұтынатын мемлекетке айналып отыр. Одан кейінгі орындағы Канада тұрғындары жылына 63 келі қант пайдаланады. Еуроодақ елдерінде ол жылына 50-60 келіні шамаласа, Ресей тұрғыны жылына 44 келі қант жейді. Ол елімізде орта есеппен 26 келіні құрайды.

Қажетті өнім Қызылордада жеткізілді

Қазірге дейін «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰҚА АҚ арқылы 272 тонна қант тұрақтандыру қорына жеткізілді. Ол 38 әлеуметтік дүкен мен әлеуметтік бұрыш-та тұрғындарға томен бағада ұсынылууда. Аталған қорға қосымша қант өнімін сатып алу жүргізілуде. Бұлдан бөлек қант бағасын тұрақтандыру үшін облыс әкімінің «Қорық қант зауыты» ЖШС-мен 612 тонна өнім алу жөнінде келісімге келді.

Жарнама. Жарнама. Жарнама «Сыр бойы», «Қызылорда өңірі», «Ақмешіт алтынғы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

ҰЛТ ҰСТЫНЫ

# МЫҢЖЫЛДЫҚ МАҚАМ МӘЙЕГІ

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ мәдениетінің көне ошақтарының бірі – Сыр елі. «Сыр елі – жыр елі» деген тұрақты сөз – ұйқас үшін айтыла салмаған, терең мағына тектелген сөз.

Қазақ мәдениетінің тереннен бастау алатын жырарлық дәстүрі Сыр өңірінде өзін ерекше сипатымен белгілі. «Сыр ұзандарының» өзге өңірлерге ұқсамайтын бояуы бар. Дыбысты таңдайға салып сыбызғы шалғандай шығару – Сыр жырарларына ғана тән. Бұған IX-X ғасырларда Оғыз тайпаларының осы өңірді мекен етуінің де әсері мол болған дейді ғалымдар.

Жалпы, «мақам» сөзінің атам заманнан келе жатқаны аян. Біз оның төркінін қайдан шыққанына төтелеп бара алмаймыз. Бұл атаудың Құран сүресінде де кездесетінін аңдауға болады. Соған қарағанда, ең ұлы мақам – Құран мақамы.

Дегенмен, мақамды мұра етіп, оның халық ішіндегі әсері мен орнын ғылыми тұрғыдан дәйектен келе жатқан тұлғаларымыз баршылық.

Солардың бірі – Нұр-Сұлтан қаласы «Наз» мемлекеттік би театрының дәстүрлі әнішісі, мәдениеттану ғылымының магистрі Зағипа Иманғазиева.

Ол Арал ауданы Сексеуіл кентінде дүниеге келген. №22 қазақ орта мектебін бітірген. 2001-2005 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Халық әні» кафедрасының «Жырарлық дәстүр» бөлімін бітірген. Студент кезінде Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында актриса болып, сахна өнерін де меңгерген.

2006 жылы облыстық халық шығармашылығы және продюсерлік орталығында жұмыс жасалды. Облыс әкімі ансамблінің мүшесі болды. 2010 жылдан Елордадағы С.Сейфуллин мұражайында директордың орынбасары қызметін атқарды. Қазіргі таңда «Наз» мемлекеттік би театрының әнішісі. Мақамның мінезін, сипатын, құрылымын түсінетін, кәсіби сауатты өнер несімен сыр сұхбат құрған едік.



Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

Негізгі жырару бүкіл халық атынан сөйлейді. «Жырау» деген сөз, «жыр» – эпос, аңыз, өлең деген сөзден шыққан. Жыраулар эпостық шығармалар шығарған және оны орындаған. Кейінірек, XVII ғасырда жыраулар орнына жыршылар келді, олар эпостық шығармалардың орындаушылары еді.

– Зағипа, біз сені шебер орындаушы есебіңе жақсы білеміз. Әнді әр тілде салатының да белгілі. Алдымен оқырманға өзін туралы айтып өтші.

– Қорқыт ата университетін орындаушылық шеберлік, арнаулы пәндерден дәріс беруші, фольклор зерттеушісі мамандығы бойынша үздік дипломен бітірдім.

2016-2017 жылдары Еуразия Ұлттық университетінің магистранты болдым.

Халықаралық Түркі дүниесі фестивалінің және республикалық «Жас толқын» фестивалінің, 2007 жылы Оралда өткен Марабай Құлжабайұлының 165 жылдығына арналған республикалық әніші-термешілер байқауының лауреатымын. Республиканың «Елім менің» патриоттық ән байқауының «Аманат» номинациясы бойынша I жүлде иегері атандым.

«Дала дауысы» халықаралық радиодиффузиялық жемініміз, «Текті сөздің төресі – терме» республикалық термешілер байқауының «Үздік мақам-саз» жемініміз деген сияқты өнер жетістіктеріміз бар. 2021 жылы «Қазақ өнерінің қайраткері» деген атақ алдым.

Бұл күндері өнердің орындаушысы ғана емес, зерттеушісі есебіңде еңбек етіп жүрмің.

Қазақ түркі шайырлары арасындағы мақам саз ұқсастықтары және оның ерекшеліктері қамтитын тақырыптың мәдениеттану магистрі дәрежесін қорғадым. Бұл өнегімізді тақырыбым «Мақам – мәдени тәжірибе» деп атадым.

– Мақамның түп-төркініне дендең көрейіңіз?

– Орта Азияда 12 мақам (мақом) жүйесі Әмір Темір билеген тұста өркендеп, классикалық пішініне түскен. Атақты мақомтанушы Исхак Ражабов «12 мақом» термінің бір шығармадағы 12 түрлі мақам ерекшелігіне қатысты туындағаны және түрлі музыкалық күрделі шығармалар – Ушшоқ, Наво, Рост, Бусалик, Хусайн, Хиджаз, Рохаби, Зангула, Ирок, Исфгани, Зирафканд и Бузург деген мақамдардан тұратынын айтқан. Осы мақамдар негізінде XVIII-XIX ғасырларда мақом өнерінің «өзбек-тәжік мақомдары», «әзербайжан мугамы», «дүңірдің 12 мугамы», «арабтық мақамы», «парсы дастгяхы», «магриб нуубы» сияқты түрлері таралған.

Тәжік, өзбек, бұхаралық еврей халықтарының музыка мәдениетінің шыңы – шаһмаком бүкіл әлемдік руханият қазынасының теңдесі жоқ байлығы ретінде мойындалып, 2003 жылы ЮНЕСКО-да «музыкалық мұрасы» деп бекітілді. Шаһмаком – тәжік, өзбек, иудей тілдерінде орындалатын, ол Орталық Азияның гурултық дәстүрлерінің басын біріктіретін бірден-бір жанр

ретінде құрметтеледі. Бұхара еврейлері шаһмакомды XX ғасырдың басына дейінгі жеткізушілер болып саналады.

– Осылардан қалыптасқан қазақ мақамын айырып көрейіңіз?

– Қазақтың ән творчествосы – сөз бен мақамнан, интонациялық дыбыстаудағы дем иірімдерімен және жеке орындаушылық шеберлікпен ерекшеленеді. Музыкалық дыбысты күшейтіп, әуезді дамыту үшін қазақ өлеңінің дәстүрлі формасына ленті буындар – «ай», «ау», «ей» және «ақау», «шіркін-ай», «суәлем-ай», «қарағым-ау» сияқты қосымша сөздер енгізілетін тұстарымен ерекшеленеді.

Бір айта кетерлігі, жыр айтушылар, термешілер, әніші-композиторлар музыкалық қабілетінен өзге, суырыпсалма ақындығымен, сал-серілігімен, сырт келбетінің сұлулығымен, көркем де қайсар мінезділігімен, «сегіз қырлы, бір сырлы» даралығымен ерекшеленген.

Мен магистрлік өнегімде қазақ мақамын гармониялық құбылыстардың логика-антологиялық ыңғайына, мақам молдусы, түрік, әзербайжан, өзбек, ұйғыр, тәжік мақамдарының музыкалық тарихи формаларына негіздеп көрсеттім.

Еліміздің мәдениет саласындағы ұлттық музыка және әдебиет, мемлекеттік тіл саясаты жүйесіндегі қазақы мақамның рөлі мен маңызына қатысты көзқарасымды ортаға салдым.

– Зерттеу жұмысының нәтижелері қалай болды?

– Зерттеуімнің қорытындылары отандық және шетелдік басылмаларда 8 мақала түрінде жарық көрді. Қазақстанда және Түркияда ұйымдастырылған концерттік іс-шараларда орындалды. Арнайы аудио диск шығарылды. Түркістің республикалық «Vatan», «Naber» секілді газеттері менің концерт бергендігім жөнінде жазды.

Еліміздегі «Шаһкар» радио торабында сұхбат-концерт өткіздім. Елордадағы мәдени шараларға, халық мақамын насихаттау барысындағы бірнеше концерттерге қатыстым.

Түркияда екі концерттік диск, бір бейнегаспалы концерт бағдарламасы шықты.

– Түркиялықтар бейнегаспаларыңызды шығаруға құлықты болды ма?

– Осы жөнінде мына бір қызық нәрсені айтайын.

ЮНЕСКО тарапынан жарияланған Ісауи жылнама байланысты Іс-шара болмаса осы әуліміміздің хикметтерін жарыққа шығарайық деген мақсаттағы өтінішімізді өзіміздің министрлік сөзбастай берген соң Түркия мемлекетіне бардым. Стамбулда әкімдігі ІВВ Kiltür AŞ басшысының қабылдауында болып, мән жайды түсіндірдім. Хикметтерге

ән жазатынымды әрі оны түрікше, қазақша өзін орындайтынымды айттым.

– Сен кімің? – деді басы маған қазақ.

– Ултымның мақам сазын көмейімде сақтап, түркі халқының руханиятын төбесіне көтерген қазақтың қызымын, – дедім.

– Сонда әлі басыңыз?

– Қызым, кез келген адам хикметке беттегі алмайды, жүрек ашылмаса, ол – күрделі тақырып. Сен композитордың қой, Қажы Байрам Вели деген әулие, шайырлардың бір хикметі де жарыққа шықпайды. Соның мына хикметіне ән жазсаңыз, сөзі міне, ертеңге дейін ойланарсыз, сау болыңыз, – дей қалмасы бар ма!?

– Токтаңыз аға, мен ертең емес, қазір жазамын, – дедім де, қағаздағы түрікше сөзді бір шопып, домбырамды қолыма алып, еш дайындысыз хикметті жүрекпен орындап бердім.

Бой балықтардай бір күйге еліткен басы сенер сенбесін білемі сәл ойлап отырды да: – Біл альбомның аты «Sen seni bil, sen seni» деп аталсын, – деп сол мезетте бұйрық шығарды. Альбомның тек қана түрік тілінде шығатынын айтты. Жартысы қазақша болсыншы деп өтінідім.

– Жоқ, қызым, болмайды, мемлекеттік тіл – түрік тілі, сондықтан түгел түрікше шығады, – деді ол. Ал, мен болсам қазақтың тілі, әуені қалықтаса гой деген асқақ арманның арыла алмай отырмын.

– Атажұртыңыз – Қазақстан, бұл жер – Анажұртыңыз. Тіліміз, дініміз, пікіріміз бір халықтың, ең болмаса 30%-ы қазақша болсын, – дедім. Арқаланып алсам керек. Маған тесіле қарай қалған басы өткір сөзінің жүзін майырғысы келмеді, келісті. Бір альбомның шығу тарихы осылай болды.

– Керемет оқиға екен. Ойымына мынадай бір сұрақ түсіп отыр, осы жұрт жырау мен жыршыны айыра алмайды деген пікір бар.

– Жыраулық өнер туралы Ә. Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев секілді ғалымдарымыз негіздеп кеткен.

Ғалымдардың айтуында, поэзия мен музыканың жіктеліп, жеке-жеке өнер салалары ретінде қалыптасқаны байқалады. «Жыраулық өнер», «жыршылық өнер» деген тіркестер осы тұстан тарайды.

әсер ететін фактор болмақ. Бүгінгі концерттік бағдарламалар, лекция-концерттер ұлттық өз қазығынан адастырмайтын бағдарламаларға бағытталуы тиіс, жас ұрпақтың сонда ғана ана тілінде сөйлеуге құштарлығы артады. Сананың мөңгірттенуіне тосқауыл болады.

– Демек, сенің «мақам – мәдени тәжірибе» деп отырғаның, ата мұрасын ұлт тәрбиесіне жарату керек дегенді дамыту бағыты ғой.

– Жыраулардың мақамдары адамзаттың бойына беззадалық мінез қалыптастыратын, адамгершілік, шыншылдық, имандылық қағидаларын өсиет ететін мәтін мен сөйкестікке келетіндіктен, әуезі жағымды, тылым күдіреті басым болып тыңдаушыға оң «өріс» әсерін құяды.

Мақамды мәдени тәжірибе барысында ең алдымен күш беретін «энергия» терминіне қабылдайды, өйткені оның ішкі ағаны қуаттандыруға әсері мол. Қазір мөңгірттену манипуляциялары түрлі ортада, кез келген қолайлы жағдайда жайылып бара жатқаны байқалады.

Міне, осы міндеттері іске асырудың бірнеше себептерін айта кету орынды. Біріншіден, балабақшаларда бесік жыраулардан бастап, мектептерде бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін өтілетін музыка мен ана тілі, әдебиет пәндерінен қосымша элективті сабақтардың тақырыптарын ойластырып, жыраулар, термешілер мен фольклор, этнография саласының ғалымдарымен бірлесіп өткізу жолдары қойылуы тиіс. Алтын қордағы ұлтаспаларды қолдану да жақсы нәтиже береді. Білім беру саласында мәдени тәжірибелердің атқаратын ролін тиімді насихаттағын мамандарды элективті сабақтардың жүктемесіне екі жақты шарт жасау арқылы жұмысқа тарту мәселесі қарастырылып, іске асырылса, тиімді болады деп үміттенеміз.

– Мұндай мамандар көп пе?

– Педагогика саласында этнографиялық, фольклорлық бағыттағы ұлттық тәрбие беретін мамандар тапшы. Ессесіне, мектептегі психолог мамандар бағдарлы психологиясына күштеп тықпалауда.

Осы аталған мәселелер қоғамда, білім беретін оқу орында ұлттық тәрбиені кешушілерден калған проблемаларын туындастырып отыр, ол бір жағынан ұлттық дүниетаным негіздерінің маңызды тұсы, мәдени тәжірибенің көзі болып табылатын қазақ музыкасының мақамы туралы түсінікті кешушілер деген қалғанының әсері деп топшылаймыз.

Дүниежүзілік музыка әлемінде қазақтың төл мақамының өзіндік колоритін сақтап, өнерсүйер ұрпақтың елімізде және шетелдерде өтетін мәдени тәжірибе алмасу концерттеріне, байқауларына қатысу мүмкіндіктерін ашу жолдарын маңызды компонент ретінде қарастыру керек. Мұның ұлттарлық татулықты нығайтуға қосар үлесі мол. Рухани жанғыруға жетелейді. Оғалықтың өз өлшемі, өз талғамына сай дамитынын ескерсек, біздің заманауи талғамымыз ұлттық көзқарасымыздан ашпақтап кеткенді.

Біздің жаппай жатқан өнегіміз осы ашпақтықтың арасын жақындату.

– Алла қандай мақсаттар тұр?


– Бүгінгі мәдениеттер тоғысы екпінде тұрған кезінде, жан дүниемізде рухани сусындататын мәдени тәжірибе байланысының маңызды үлкен рөл атқарады.

Мен осы халықтар арасындағы мәдени байланыстың іс-шараларында, ұлттық мақамды насихаттап, жеткініккер ұрпаққа тағылымды бабалардың теңдесіз мұрасын жеткізуге атсалысып келемін. Менде мұнан үлкен мақсат жоқ. Қалауым бар, ол – қоғам ұрпағымызды ұлттық мақам әуенімен әлдилесе екен деймін.

– Мақсатыңа жет, өзіңді де мақам саздың әуені әлділей берсін.

Сұхбаттасқан Дүйсенбек АЙШУЛЫ, «Сыр бойы»

## Қышқалға қазба жұмыстары қайта басталды



ұштастырғанда Қышқаланың әйгілі Барышкенттің орны екендігін расқа шығаратын мәліметтер табылды.

Осы жылы қала тұрғындары мекендеген тұрғын үйлер шоғырланған орамына қазба салына бастады. Мақсатымыз – қала тұрғындарының шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық қатынастары мен әлеуметтік тіршілігі, осы жердегі сауда, қол өнері, мәдениеттің дамуы жайлы жан-жақты мәлімет жинау. Сондай-ақ халықтың негізгі кәсібі, күнкөріс көзі, рухани дүниесінің дамуы жайлы да дәлелді материалдар алу. Осындай мақсаттармен қазба алыс-жақын шетелдік мамандарды да шақырып, олармен тәжірибе алмасу, шетелдік технологияны зерттеуге кенінен қолдану болып отыр. Қышқалада бірлесіп зерттеу жүргізуге италияндық ғалым Ренато Сала мен белгиялық ғалым Деом Жан-Марк шақырылды. Олар қаланың суландыру жүйесі мен қорғаныс құрылыстарын зерттеуге көмектеспек.

Қазақстанда қала мәдениеті дамуының куәсі саналатын Қызылорда облысындағы ерекше тарихи мұра, киелі мекен Қышқаланы (Барышкентті) жалпы жұртқа таныту үшін жергілікті өлкетанушылар Жұмабай Байзақ пен Қоғалық Асылғалиевтің басшылығындағы №44 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Ұлпат Қожаназарованы да қазба және барлау жұмыстарына қатысуға шақырды. Қазбаның алғашқы күндерінен бастап нәтиже көңіл толтырарлық. Жер бетіне жақын жоғарғы қабатта болған бірнеше бөлмелі тұрғын үйдің сақталып қалған қабырғалары ашылып, белмелердің еденінен сыпа, ташнау, тандыр-ошақтың орнындары мен Алтын Орда дәуіріне жататын сырлы, сырланбаған қыш ыдыс сыйлықтары, мыс бақыр т.б. заттай деректер табылды. Мыс теңгенің сақталу деңгейі орташа. Мамандар оның соғылған және қолданылған уақытын анықтайды деген үміттеміз. Бетіндегі арабша жазуларын оқуға болады. Нумизмат мамандар оқығаннан кейін қаланың дәл қай уақытта тіршілігі тоқтатқанын болжауға болады. Барышкенттің XIII-XIV ғасырлар аралығында Сыр бойымен өткен сауда керуендері тоқтайтын маңызды қалалардың бірі болғанын қытай теңгесі юань мен аты әлемге тараған қытай фарфоры селадон кесенің сынығы куәландіріп отыр. Қазба жағласа, алда жақсы табыстар күтеміз.

Д.ТАЛЕЕВ, Ә.Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

Жарнама. Жарнама. Жарнама. «Сыр бойы», «Қызылордақаласы», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірінмен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақыл қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Ғ, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор Шынар БЕКБАН